

Жаппасбаева С.М.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының магистранты

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МӘНГҮРТТІК ТАҚЫРЫБЫ

Ғасырлар бойы тірнектеп жинаған адамзаттың рухани байлығы не себептен құнсыздануы тиіс деген сауалға жазушылар сан ғасыр бойы жауап іздеген. Адам бойынан қаталдық, қатыгездік жиі көрініс беріп, мейірімділік пен қайырымдылық күн санап жағалауынан алыстай бастауын жазушылар өз шығармаларынан тірек еткен. Адам тағдыры турасында талассыз толғанып, қатыгездік пен қаталдық, жыртқыштық сананың адам бойындағы қалыптасуын жете зерелеп, парасат-пайым биігінен қарап, рухани ізгілік мұхитының терң тұңғығын сүңгіп, қоғамның сыры мен қырын дәл тауып жүрген суреткерлер бір адамның мұңы арқылы бар халықтың мұңын жоқтайды. Суреткер өзгенің қуанышы мен қайғысын жан жүрегімен сезініп, өз сезімінен өткізеді. Жалпы, әдебиетте бүкіл адамзат тағдыры әрқилы суреттеледі.

«Ірі суреткерлер дүние-ғұмырды қамтып, адамның бойындағы асыл құндылықтарды, рухани байлықты суреттеп, сол қасиеттерді дәріптейді, оның даму жолдарын іздейді.

Мейірім, шапағатқа қарсы қатыгездік, қаныпезерлік қылықтардың, яғни садистік қылықтардың бой алуына мүмкіндік бермейді» [1,6].

Садизм деген атау француздың ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген жазушысы Маркиз де Садтың есімімен байланысты пайда болған. Сад өзі туралы көз жұмар алдында: «Жер бетінде менің зиратымның орны да қалмайды және мен туралы естеліктің де адамдар жадынан мәңгілікке жоғалатынына сенімім мол», – деп қатал үкім айтса да, оның істеген қатігездігі атын әлі күнге дейін өшірмей келеді [2,113]. Ол ләззат пен азапты бір-бірінен ажыратпайды. Ол әйел затын азаптағаннан ләззат алып отырған, шығармала-

рында қаныпезерлік қылықтарды, азапты суреттегенде шын рақатқа беріліп отырған. Міне, содан бері садизм термині халықаралық терминге айналған.

Тарихта садизмнің екі түрлі көрінісі бар. Олар: мәңгүрттік пен зомбылық. Аты бөлек болғанмен заты бір ұғымдар. Адам санасындағы садизмнің ең сорақасы – ол адамды ақыл-атынан айырып, есалаң, мұйғыла күйге түсіру. Тірі жанды өз ділін, дінін, атытегін ұмыттырып, мәңгүрттендіру.

Мәңгүрт ұғымы аңыздарға сүйенсек, ертеде қазақ пен қалмақ, қазақ пен түрікпен арасындағы жаугершілік заманнан бізге мәлім.

Қолға түскен тұтқындарды өлтіріп, жеңіл жазаламай, оларды өмір бойы құл етіп, қинау үшін шаштарын тақырлап алып, жаңа сойған түйенің мойнағын не сиырдың терісін басына қаптайды. Мұны қырғыздар шіре деп атаған, оған қайыстан тіліп бау өткізіп, самайдан тарттырып, мықтап байлайды. Сөйтіп, шыжып тұрған күннің асытна аяқ-қолын байлап, тастайды. Тұтқын сонда екі бірдей азапқа түседі екен. Алдымен, жас тері ыстықтан жиырылып, басын бүріп, сүйегін сындырып жібере жаздаса, 2-шіден, өскен шаш кептелген теріні тесе алмай, кері қайырылып, құйқасын ине сұққандай етіп бұрғылап, бүкіл жүйке сезімін өлтіреді, яғни есте тұту қабілетін мүлде жойып жібереді. Бір жұма, он күнен соң не өліп қалады, не мәңгүртке айналады. Өлсе-азаптан құтылады, тірі қалса – аты-жөнін, шыққан-тегін, бүкіл өткен тыныс-тіршілігін ұмытып, тек өз қожасының айтқанын ғана орындайтын қара күш иесіне айналады.

Әдебиеттегі «мәңгүртизм» термині туралы 1980 жылдардың ортасында дау-дамайлар болды. Сыншы-

лардың бірі мәңгүрттік терминін қазақ әдебиетіне енгізген Әбіш Кекілбаев десе, бір топ сыншылар «Ғасырдан да ұзақ күн» романының жазылуына байланысты Шыңғыс Айтматов деседі:

«Монголия не духовный поиск?...» мақаласында сыншы С.Викарий мәңгүрт образын әдебиетке ең алғаш рет 1967 жылы Ә.Кекілбаев өзінің «Баллада забытых лет» повесінен әкелгенін, содан кейін көп жылдардан соң Ш.Айтматов оны «Буранный полустанок» романында пайдаланғанын айтады [3,116]. Әдебиетші ғалым Ж.Дүйсенбаева «Ә.Кекілбаев – суреткер» кандидаттық диссертациясында да осы мәселе төңірегінде нақты баяндайды [4,13]. Бұған қырғыздың белгілі сыншысы, әдебиеттанушы ғалым, академик Абылдажан Ахметалиев «Мәңгүрт» кімдікі? Деген мақаласында мәңгүрт жайындағы аңызды кім бірінші қолданғанында емес, «сол дерек – аңызды кім бүгінгі тірлігімізге сай жаңаша дамыта алады» соған жауап іздеген болды.

Ж.Аймауытовтың мәңгүрт туралы ойды «Манас» эпосынан алғанын да сөз соңында айта кетіп, жырдың қырғыз тіліндегі нұсқасы мен орысша аудармасынан мысал келтіреді. А.Ахметалиев бұл аңыздық-деректі Ә.Кекілбаев өзінің «Дала балладаларында» және түркімен жазушысы Ш.Жұмагелдиев «жоғалғандар» романында тек қана көркемдік деталь түрінде ғана алып, Ш.Айтматов «Қайтадан әдеби өңдеуден өткізіп, оны жаңаша жазып, оған жаңаша әр қосып, терең филологиялық қорытынды жасады», – дейді.

Ж.Аймауытов «Мәңгүртизм» терминіне терең ұғым беріп, түр еңгізіп, күллі адамзат мәдениетінің, өркениеттің рухани өрбуіне тойтарыс беретін бірден-бір зұлымдық деп таныған.

Ш. Айтматов «Боранды бекет» романында адамзат тағдыры туралы проблема көтерген.

Мәңгүрт туралы миф шығарманың басынан соңына дейін үзілмейді.

Ол барлық оқиға желілеріне астар болып араласып отырады.

Сарыөзек бойында айтылатын аңызда, ақыл-есінен айырылған жауынгер мәңгүрт кейпіне түсіп, алыстан іздеп аңсап келген анасын атып өлтіреді. Адам санасында Ана деген адамды дүниеге әкелуші ғана емес, зор адамгершілікті білдіретін, барлық халыққа ортақ қасиетті ұғым. Анаға қарсы шығу, қол көтеру деген адамның табиғатына жат. Сондықтан да адам мен Мәңгүрт екеуі арасы алшақ түсінік.

Космостағы болған жайлар, біздің космонавтардың өзге, жоғары цивилизациямен танысулары, оны мәңгілік жұмбаққа айналдыруы анасын атқан мәңгүрт толықтыра түседі. Бүкіл адамзат баласын санадан айыру, белгілі болған істі белгісіздікке айналдыру, қоғамдық, техникалық сананы шектеу – мән жағынан ұқсас мәселелер.

Неге олай? Адамзат баласы осындай шешімге түсті. Автор бұлай дейді; «Бұл шақ екі жақтың да арасында жағдай қатты шиеленісіп, күрделене түсіп, ат құйрығын шарт кесісіп, ашықтан-ашық жауласып кетуге әзер тұрған кез еді. Екі жақ та ғылыми-техникалық құдіреттің жемісін адамзаттың игілігіне жаратпақ болып, «Демидурга» программасы бойынша бірлесіп жұмыс істеп, енді-енді бірбіріне жақындасайын дегенде, күтпеген жерден Жер планетасынан тысқары бір галактикадан жаңа бір цивилизация ашылып, адамдардың алдына ғаламат сұрақ қойды да, «Демидурга» программасы өзінен-өзі екінші кезекке көшті».

Ескерткіш ретінде қалғаны, оны кейінгі ұрпақтың қастерлеп, жақын адамдарын дүниеден қайтқан сол жерге жерлеу өміршендікті айқындайтын идея. Өйткені еске алу, ескерткішті сақтау, осындай қауіптен сақтандыру деген емес пе?

Едігенің еш кедергіге көнбей, өз осын, теміржолшы Қазанғапты «Ана-Бейітке» Жеткізуді мақсат ету, оның адамгершілік мөлдір сезімінің көрінісі.

Коммунизм құрылысшыларының моральдық кодекісі деген түсінігіміз негізгі осы Едіге секілді адамдардың іс-әрекетінен, дүние түсінігінен анықталады.

Өмірдің қазығы – Едігелер. Олар үшін өткен тарих, бүгінгі күн, болашақ – біртұтас, бірінен-бірі өрбіген, бірінсіз бірі жоқ даму кезеңдері. Оны үзбейтін, өмір отын сөндірмейтін – осы Едіге секілді абзал жандар.

Едігенің бір күні ғасырға бергісіз, себебі суреткер бұл образдар арқылы өткенді, бүгінді, болашақты бір түйінмен беріп отыр.

Ол адам санасы, осы уақыттың ұлы өлшемін ажыратпауға қажет. Тек сондай жағдайда ғана нағыз патриот, гуманист, биік адамгершілік иесі болады. Едіге сондай адам. Өйткені ұмытқан адам сана дамуын, адамгершілік дамуын үзген адам. Ол – мәңгүрт. Мәңгүрт – адам дүние танымының көлеңкелі жағы. Бұл мәселе Едіге мен Қазанғаптың баласы Сәбитжанды салыстырудан анық көрінеді. Едіге досына адал, Қазанғап өтініші бойынша, оны Ана-Бейітке жерлемекші. Сәбитжан оған қарсы, қайдағы бір ертегі Бейітке апару, ол үшін ақылға сыйымсыз. Ол жерлеуді тездетіп қалаға қайтуға асық. Әке өсиеті оны көп қинай қоймайды. Осы сәтте Едігенің көз алдына анасын атқан Мәңгүрттік Сәбитжанның джүниетанымында орын тепкен. Қазанғапты арулап қойғаннан кейін, Едіге Ана-Бейітті тегістеп, оның орнына космодром салатынын естісімен, Ана-Бейітті қайткенде сақтап қалу үшін көзі ашық оқыған, қалада қызмет ететін, кіммен сөйлесіп, кімге жолығу жолын білетін адам ретінде ол Сәбитжаннан қол ұшын беруді өтінеді. Оған Сәбитжан былай деп жауап қайтарады:

- Оның бәрі ерте-ерте, ертедегі, ешкі жүні бөртедегі ертек қой, Едеке, түсінсеңші. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал біз әлдебір зират туралы аңыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге ке-

рек ол? Олар үшін ол дегенің – тіпу! Әрі десе, бізді олай қарай өткізбейді де». Әрине, Сәбитжан сөзінде шындық бар. Бірақ мәселе оның бұл іске жүрдім-бардым қарауында, өткен тарихқа немқұрайдылығында жатыр. Оқыған сауатты Сәбитжанның сапасы қарапайым Едігеден көп төмен адамгершілік пен білім қайшылығында. Басында Едігенің Сәбитжанмен сөйлесе келе, қылықтарына қарап, интарнатта, институтта оқыса да дұрыс адам болмаған екен деген күдігі болса енді Сәбитжан туралы пікірі айқындала түседі.

- Мәңгүртсің сен! Нағыз мәңгүрттің өзісің! – деп ашына күбірледі Едіге Сәбитжанды әрі аяп, әрі... жек көріп».

Кезінде Әбутәліп мұғалімді халық аузындағы аңыздарды жинағаны үшін жау атандырғандар да осы Сәбитжан секілді мәңгүрттер.

Ителгікөз Құттыбайев, Әбілев сияқтылар Әбутәліптің көзі ашық сауаттылығын көре аламы, ақыры оның «Партизан дәптерлері», «Дөненбай құс», «Раймали ағаның інісі Әбділханға інісі Әбділханға айтқан сөзі» деген қолжазбалары үшін опат етті. Ана-Бейіт, Мәңгүрт ұлының қолынан қаза тапқан Найман-Ана туралы аңызды жиып-тергені үшін жазғыру мәңгүрттік емей не еді. Құттыбаев Әбутәліпті тексеруге келген халық санасындағы ғажап аңызды тыңдағысы да келмейді.

- Жә, жетер, ол құстың ар жағында не жасырынып жатқанын оқып көрерміз әлі, – деп ителгікөз дәптерді әрі-бері парактап, тағы да ойын сабақтай түсті. – Дөненбай құс, м, қарайгөр ойлап тапқан атын. Жазушы болғанына болайын. Тағы бір Мұхтар Әуезов пайда болған. Білеміз оны да, феодалдық ескіліктің жыршысы. Дөненбай құс, м. Біз түсінбейді деп ойлайды ғой... Бір түкпірді бұғып отырып алып, балаларға арнап жаза қалғанын қарашы».

Романда ғылыми-техникалық процесс пен рухани прогресс арасындағы қайшылық бейнелеген. Адам санасы дами келе адамзат табиғатына қызмет атқара бастады. Себеп әлеуметтік антагонизмде. Егер әлеуметтік антагонизмнен туған екі система конфронтациясы болмаса адамзат болашағы, тағдыры туралы жазушы бұлайша толғанбас еді. Адам баласы көрген, білген, танығанның бәрін тек жасампаздыққа, гуманистік мұраттарға сай қолданылса, мәңгірт туралы аңыз оның көріністері болмаса еді. Білім мен мораль алшақтығы болмаса, Сәбитжан секілді бозөкпелер қайдан келсін.

«Жалпы мәңгірттікті екіге бөліп қарауға болады: біріншісі, жаугершілік замандағы мәңгірттік. Мұнда адамды күшпен, зорлықпен қашап, адами ойлау дүниесінен айырылып, жазалап, құлақ кесті құл қылып, тағылық тұтқында ұстау. Екінші бір түрі қазіргі жаһанданау заманындағы рухани мәңгірттік. Сәбитжан мен аңыздағы мәңгірт жауынгердің бейнелері осының айғағы. Бұл екі көріністе күрделі мәселелер. Бірі күшпен орындал-

са, екіншісі айла-амал арқылы халықтың ділін, дінін, тілін ұмыттырып, нағыз мәңгіртке айналдырған. Ж.Аймауытов өз заманының қыспағына қарамастан, алыстан орағытып, «сөз атасын» түсінген халқына адамзат тағдырындағы ұлы мәселені жеткізген.

Садистік көріністер Орхон, Күлтегін жазба ескерткіштерінен бастау алып, мәңгірттік тақырыпқа ауысады. Мәңгірттік тамыры тереңде жатыр. Бұл ұғым терең зерттеуді қажет ететін ғылыми тақырып.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Мешітбаев «Мәңгірттіктің мәні тереңде» Қостанай таңы 42 6 сәуір 2007ж.
2. Ж.Аймауытов, М.Шаханов Құз басындағы аңшының зары. А., Рауан. 1997ж.
3. С.Викорий Монголия на духовный поиск? Простор №5 1989г.
4. Ж.Дүйсенбаев Ә.Кекілбаев – суреткер А., 1998
5. С.Оспаов Қазақ ақын-публиктерінің жер мәселесі жайында. Қостанай таңы №45. 12 сәуір 2007ж.

Ибраев Е.Е., магистрант

Костанайский государственный педагогический институт

АМЕРИКАНСКИЙ ПРЕЗИДЕНТ ДЖОН Ф. КЕННЕДИ В ЗЕРКАЛЕ КИНЕМАТОГРАФА

Прошло уже почти сорок лет с того трагического ноябрьского дня, когда был застрелен президент США Джон Кеннеди, но до сих пор остается множество вопросов относительно обстоятельств его смерти.

Убийство Кеннеди в Далласе произошло на глазах сотен очевидцев и миллионов телезрителей и было случайно снято на киноплёнку, что до сих пор заставляет миллионы людей во всем мире обсуждать эту трагедию. Ни одно преступление в истории не подвергалось такому глубокому и

всестороннему изучению, однако оно так и осталось загадкой. Несмотря на многочисленные попытки узнать правду, до сих пор нет четкого и определенного ответа на вопрос, кто и почему убил Джона Кеннеди.

Когда в 1991-м Оливер Стоун снял некоторые сцены своего нашумевшего фильма об убийстве Джона Кеннеди «Дж. Ф.К. Выстрелы в Далласе» (1991) черно-белыми, его осыпали упреками в манипулировании общественным сознанием. Действительно, многие американцы, посмотрев